Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№43 (1003) Сәрсенбі 11 қараша 2026 жыл | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ | http://www.instagram.com/eltilegigazeti | http://www.facebook.com/eltilegigazeti



ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жылу беру маусымының барысы және өрт қауіпсіздігі мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Елімізде жылу беру маусымы штаттық режимде өтуде. Тұтынушылар және коммуналдық-тұрмыстық сектор көмірмен қамтамасыз етілген. Көмір қорын толықтыруда Қызылорда облысы республикада алғашқы орында. Қазір қоймаларға қажетті қордың 82 пайызы жеткізілген. Тұрғын үй секторындағы өрттің алдын алу шаралары күшейтіліп, цифрлық форматқа көшуде. Профилактиканың тиімділігін арттыру үшін «Тұмар 112» цифрлық қосымшасы әзірленіп жатыр.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы жылу маусымын тұрақты әрі үздіксіз өткізуге қатысты нақты тапсырмалар берді. Өңірдегі 1079 әлеуметтік нысан мен 943 көпқабатты тұрғын үй орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Бүгінде жылу энергиясы көздері арқылы сағатына 205 мегаватт электр энергиясы және 154 гигакалория жылу энергиясы, жаңа жылу электр орталығында екі газ турбиналық қондырғы арқылы 172 мегаватт электр энергиясы өндірілуде. Жылу маусымына 80 мың тонна көмір қажет болса, оның 68 мың тоннасы тұрғындарға, 12 мың тоннасы әлеуметтік нысандарға арналған. Қазіргі уақытта өңірлік операторлар көмір қорын толықтыруды бекітілген кестеге сәйкес жүргізуде.

«Жылу маусымының тұрақты өтуін қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі. Бұл ретте инженерлік желілердің үздіксіз жұмыс істеуі, тұрғын үйлерге және әлеуметтік нысандарға жылудың талапқа сай жеткізілуі басты назарда болуы тиіс. Осыған сәйкес қала, аудан әкімдері және барлық мекеме басшылары, тұрғын үйлер мен өздеріңізге қарасты нысандардың жылумен қамтамасыз етілуін жеке бақылауға алыңыздар. Кезекші бригадалардың дайындығын күшейтіп, қажетті материалдық-техникалық қордың жеткілікті болуын қадағалаңыздар. Бұдан бөлек, жер қазу кезінде инженерлік желілердің зақымданбауын қатаң бақылауға алыңыздар, өрт қауіпсіздігіне мұқият болыңыздар. Қызылорда қаласы және аудан әкімдері төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, оқыс оқиғалардың алдын алуда шұғыл әрі кешенді шаралар қабылдаңыздар», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мәжілісте «Ауыл құтқарушылары» жобасы аясындағы өрт бекеттерінің құрылысын жеделдету, санитарлық тазалықты сақтау және көгалдандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу тапсырылды.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫНДА ЖҮГЕРІ КЕПТІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ КЕШЕНІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Сырдария ауданында жүгері кептіру және сақтау кешені ресми түрде іске қосылды. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев қатысты.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында су ресурстарының тапшылығын жою үшін жүйелі әрі батыл шаралар қабылдауды тапсырғаны белгілі.

«Ең алдымен, суды тиімді және үнемдеп пайдалану қағидаттарының жаппай сақталуын қамтамасыз ету керек. Қазіргі заманда бұл ресурстың мән-маңызы айрықша.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін дамытуға баса мән берген жөн. Қазірдің өзінде бұл бағытта табысты жобалар бар. Мәселен, Қызылорда облысының шаруалары қатаң климатқа қарамастан жүгері мен соя өсіріп, оны өңдеумен айналысады», – деп облыс әкімі өңірдегі бастамаларға оң баға берді. Рәсімде аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтап, жаңа кешеннің жұмысына сәттілік тіледі.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және терең өңдеу мәселесін стратегиялық маңызы бар міндет ретінде айқындады.

Өңірде суды аз қажет ететін, өнімділігі жоғары жүгері дақылын егу қарқын алған. Биыл 11 мың гектарға егіліп, 60 мың тоннадан астам өнім жиналды.«Таң ЛТД» серіктестігі су үнемдеу технологиясымен, «Ақтөбе және К» шаруашылығы дәстүрлі суару арқылы жүгері егуде. Жалағаш ауданында швейцариялық «Harvest Argo» компаниясының 21 мың гектарға жүгері және соя егу жобасы басталды. Жүгері алқаптарын ұлғайту мақсатында арнайы Жол картасы бекітіліп, келесі жылы 28 мың гектарға егу жоспарланып отыр.





«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2027 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4510 теңге

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ

1. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2026 жылғы 11 желтоқсанында Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс №1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 444 каб. жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

2.1 Ауданаралық (қалааралық облысішілік) тұрақты автобус маршруттары: Ақарық-Қызылорда, Жаңақорған-Шиелі, Тереңөзек-Қызылорда, Шаған-Қызылорда, Жосалы-Қызылорда, III-Интернационал-Қызылорда, Ақкұм-Қызылорда әлеуметтік мәні бар тұрақты автобус маршруттары: Ортақшыл-Қызылорда, Тұрсынбай Датқа-Қызылорда, Токмағамбет-Қызылорда, Аққыр-Қызылорда, Қаратерең-Әйтеке Би.

2.2 Облысаралық қалааралық тұрақты автобус маршруттары: Әйтеке би-Ақтөбе, Төретам-Түркістан, Арал-Әйтеке би-Түркістан, Қызылорда-Тараз, Әйтеке Би-Қызылорда-Атамекен, Қызылорда-Алматы.

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, Қызылорда облыс әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 444 каб. бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 01 желтоқсан сағат 18:00 дейін.

6. 2026 жылғы 18 қараша сағат 10:00 конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондары: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

ВНИМАНИЕ КОНКУРС

1. КГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области» объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрутов внутриреспубликанских автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится 11 декабрь 2026 года по адресу: г. Кызылорда, ул. Бейбарыс султан, строение 1, здание акимата Кызылоринской области, 4 этаж, каб. 444.

2. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов(маршруты):

2.1 Регулярные межрайонные (междугородные внутриобластных) автобусные маршруты: Акарык-Кызылорда, Жанакорган-Шиели, Теренозек-Кызылорда, Шаган-Кызылорда, Жосалы-Кызылорда, III-Интернационал-Кызылорда, Аккум-Кызылорда и регулярные социально-значимые автобусные маршруты Ортакшыл-Кызылорда, Турсынбай датка-Кызылорда, Токмагамбет-Кызылорда, Ботабай-Кызылорда, Аккыр-Кызылорда.

2.2 Регулярные межобластные междугородные автобусные маршруты: Айтеке би-Актобе, Торетам-Турекстан, Арал-Айтеке би-Туркестан, Кызылорда-Тараз, Айтеке Би-Кызылорда-Атамекен, Кызылорда-Алматы.

3. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.

4. Желающие принять участие в конкурсе представляют в КГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области» письменную заявку на получение пакета конкурсных документов по адресу: г. Кызылорда,ул. Бейбарыс султан, строение 1, здание акимата Кызылординской области, 4 этаж, каб. 444.

5. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в конкурсе: 01 декабрь 2026 года до 18-00 часов.

6. 18 ноябрь 2026 года в 10-00 часов конкурсная комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса.

7. За справками обращаться по телефону: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында азаматша К.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық іс қаралды. Азаматша К.-ның кәмелетке толмаған ұлы сағат 01:35 шамасында Қызылорда қаласында көлік құралын басқаруға құқығы жоқ күйінде автокөлікті басқарған. Осылайша, азаматша К. кәмелетке толмаған баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәрбиелеу жөніндегі шараларды орындамаған.

Сот қаулысымен азаматша К. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 60550 теңге айыппұл салынды.

ДАУ МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Байқоңыр қалалық сотында талап қоюшы А.-ның жауапкер Н.-нен 1 800 000 теңге қарыз ақшаны өндіру туралы талап қоюы бойынша азаматтық іс қаралды. Тараптарға дауды татуластыру рәсімдерінің көмегімен шешу жөніндегі құқықтары түсіндірілген.Нәтижесінде, тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келгендерін көрсетіп, араларындағы келісімді бекітуді сұраған.

Азаматтық іс бойынша дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіліп, төленген мемлекеттік баж талап қоюшыға қайтарылып, азаматтық іс жүргізу өндірістен тоқтатылды.





«ЖҰМЫССЫЗБЫН» ДЕГЕН СӨЗ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТПАЙДЫ

Жақында бұрынғы күйеуінен баласына тиесілі ақшаны ала алмай жүрген жалғызбасты әйелдің жанайқайы тағы да жұртты қамықтырды. Алимент мәселесі туралы сөз еткенде ең алдымен ата-аналардың арасындағы дау еске түседі. Бірі төлемейді, екіншісі сотқа жүгінеді, кейін дауға сот орындаушысы араласады. Алайда, осы даулы мәселенің дәл ортасында заң тұрғысынан бұрынғы ерлі-зайыптылар емес, кінәсіз бала тұрады.

Егер заңға сүйенсек, әкесі мен анасы бірге тұрмаса да баланы асырау міндетінің сақталатынын ешкім ескере бермейді. Заң бойынша ата-аналардың некеде болуы немесе ажырасуы бұл міндетке әсер етпеу керек. Өйткені, алимент – бұрынғы жұбайына емес, баланың тамағына, киіміне, оқуына, медициналық шығынына және күнделікті қажеттілігіне арналған қаражат. Елімізде өз қанынан жерініп, қаражат төлеуден қашқалақтап жүрген қаншама әкелер бар.

Дегенмен, осы арада мәселенің екінші жасырын қырын айтпай кетуге болмас. Айталық, алимент төлеуге де жағдайы бар еразаматтардың одан мақсатты түрде бас тартуына итермелейтін де жағдайлар кездеседі. Бұрынғы күйеуіне деген жеке араздығына баланы араластыратын немесе баланы пайдаланып бопсалауға тырысатын аналар да бар. Көбінше әкелердің балаларын көріп тұруға берілген құқықтары бұзылады. Я болмаса балаларын әкемен араздастыруға итермелейді. Бұл соңында тараптардың қарым-қатынасын барынша нашарлатып, алимент төлеуден бас тартуға дейін апарып жатады. Ал кей әкелер өзі төлеген алимент қаражаты балаға берілмей қалатын жағдайларына шағымданады.

Енді міне, қос тарапқа да мұндай келеңсіздікке жол бермеуге бағытталған жаңа ереже іске қосылды. Өзінің борышын, тіпті заң жүктеген міндетін орындамай жүрген борышкер әкелер жаңа заңға бағынуына тура келеді. Енді атқарушылық іс жүргізу шеңберінде өндірілген алимент арнайы банктік шотқа аударылатын болады. Осы қаражаттың сақталуын күшейту мақсатында енгізілген жаңа заңға сәйкес, алимент өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау кезінде өндірілген алимент сомалары енді алименттерді есепке алуға арналған арнайы банктік шотқа ғана аударылады. Бұл өзгеріс 2026 жылғы 24 маусымдағы №325-VIII заңмен бекітілді. Жаңа тәртіптің басты мақсаты – өндірілген алименттің басқа міндеттемелерге жұмсалып кетуіне жол бермеу.

Қолданыстағы талап бойынша арнайы алименттік шоттағы ақшаға өндіріп алушының басқа қарыздары бойынша тыйым салуға болмайды. Яғни алимент алушының өзге де берешегі болған жағдайда, баланы асырауға арналған қаражат сол міндеттемелерді өтеуге бағытталмайды.

Қызылорда облысындағы жағдай қандай?

Қызылорда облысы бойынша ағымдағы жылдың тоғыз айында жеке сот орындаушыларының өндірісінде алимент өндіруге қатысты 15 321 атқарушылық іс болған. Оның ішінде 2 362 іс аяқталып, 12 953 іс орындалмаған күйде қалған. Ал 7 245 атқарушылық құжат бойынша алимент өндіру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар 1 066 іс проблемалық санатқа жатқызылған. Оның ішінде 347 атқарушылық құжат бойынша борышкерлер алимент төлемеген. Баланы асырау жөніндегі міндетін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139-бабына сәйкес 20 борышкер қылмыстық жауаптылыққа тартылған. Бұл көрсеткіштер алимент өндіру мәселесінің әлі де өзекті екенін аңғартады. Әрбір орындалмаған атқарушылық құжаттың артында күнделікті қажеттіліктері қамтамасыз етілуге тиіс бала тұрғанын ескерсек, мәселенің әлеуметтік маңызы одан сайын арта түседі.

Алимент бойынша болатын даудың басы – борышкердің ресми жұмыс істемеуі. «Жұмыссызбын» деген сөз алимент қарызын тоқтатпайды. Кейбір ата-аналар мұндай жағдайда алимент төлеу міндеті де тоқтайды деп ойлайды, ал заң бойынша олай емес. Егер борышкер берешек есептелетін кезеңде жұмыс істемесе немесе өзінің жалақысы мен басқа да кірістерін растайтын құжаттарды ұсынбаса, оны өндіріп алу кезінде орташа айлық жалақы мөлшеріне сүйене отырып есептеледі. Берешекті сот орындаушысы анықтайды. Бұл норма борышкердің әдейі ресми жұмысқа орналаспау арқылы алимент міндетінен жалтаруына жол бермеуге бағытталған.

Егер ата-аналар арасында алимент төлеу туралы келісім болмаса, жалпы тәртіп бойынша сот кәмелетке толмаған балаларды асырауға алиментті ай сайын: бір балаға – ата-ананың жалақысы және өзге де табысының төрттен бір бөлігі, екі балаға – үштен бір бөлігі, үш және одан да көп балаға жартысы мөлшерінде өндіріп алады.

ЖҮРЕК ЖЫЛУЫН СЫЙЛАҒАН МЕЙІРКЕШ



Адам өміріндегі ең қымбат байлық – денсаулық. Ал сол байлықты сақтауға үлес қосып, сырқат жанның сауығуына септігін тигізетін медицина қызметкерлерінің еңбегі қашанда құрметке лайық. Әсіресе, халықпен тығыз байланыста жұмыс істеп, тұрғындардың денсаулығын жіті бақылауда ұстайтын учаскелік мейіркештердің қызметі ерекше жауапкершілікті талап етеді. Осындай жауапты да абыройлы міндетті атқарып жүрген білікті мамандардың бірі – Қазалы аудандық темір жол тораптың ауруханасының учаскелік мейіркеші Алтынай Қамбарбекқызы.

Мейіркеш қызметі – жүрек қалауымен таңдалатын, үлкен төзімділік пен жауапкершілікті қажет ететін мамандық. Бұл салада білім мен біліктілік жеткіліксіз, оған қоса әр науқасқа түсіністікпен қарап, көңіліне демеу бола білу маңызды. Өйткені кейде дәрі-дәрмектен бұрын жылы сөз бен шынайы ықыластың өзі адамға күш-қуат береді.

Алтынай Қамбарбекқызы күнделікті қызметінде осы қағидаларды басшылыққа алады. Учаскелік мейіркеш ретінде тұрғындардың денсаулығын бақылау, дәрігер тағайындаған емдік шаралардың орындалуын қадағалау, профилактикалық жұмыстар жүргізу, аурудың алдын алу және медициналық кеңес беру – оның күнделікті міндеттерінің бір бөлігі.

Әсіресе, қарт адамдарға, кішкентай балаларға және тұрақты медициналық бақылауды қажет ететін тұрғындарға көрсетілетін қамқорлықтың орны бөлек. Әрбір адамның денсаулығына бейжай қарамай, уақытылы медициналық көмек көрсетуге атсалысу – учаскелік мейіркештің басты жауапкершілігі. Медицина саласында ұқыптылық пен жауапкершілік қатар жүруі тиіс. Себебі бұл жерде әрбір әрекет адам денсаулығымен тікелей байланысты. Сондықтан Алтынай Қамбарбекқызы үшін өз міндетін адал атқару, тұрғындармен жылы қарым-қатынас орнату және әр науқастың жағдайына түсіністікпен қарау – кәсіби ұстанымның негізі.

Ақ халатты абзал жандардың еңбегі кейде көзге көріне бермейді. Алайда олардың күнделікті тынымсыз тірлігі, адам өміріне деген жауапкершілігі мен жанашырлығы қоғам үшін аса маңызды. Науқастың сауығып, отбасының қуанышқа бөленуі – медицина қызметкері үшін ең үлкен марапат.

Мейірімділік – ең қажетті қасиет. Ал сол мейірімділікті кәсіби міндетімен ұштастыра білген Алтынай Қамбарбекқызы секілді мамандардың еңбегі құрметке лайық.

Адам жанына араша болып, денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосып жүрген ақ халатты жанға толайым табыс, кәсіби жетістік және абыройлы еңбегіне лайықты құрмет тілейміз!

Гүлсім АҚЖІГІТҚЫЗЫ
Қазалы ауданы

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 10 қарашадағы № 2564 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 15 қазандағы № 03-01/842 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі Ембергенова Анар Ақбергеновнаның жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Игілік бау-бақша серіктестігі, № 28 үй мекенжайында орналасқан көлемі 800,0 (сегіз жүз) шаршы метр бағбандық үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-087-795) жер учаскесін автокөлік жолымен және электр желісімен қабаттасуына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылғы 11 ақпан болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, № 14 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иесін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі **Н. Ахатов**

Постановление акимата города Кызылорда № 2564 от 10 ноября 2026 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Аппарат акима поселка Тасбугет города Кызылорды» № 03-01/842 от 15 октября 2026 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с накладкой с автомобильной дорогой и линий электропередачи у собственника Ембергеновой Анар Акбергеновны на праве частной собственности, расположенный по адресу: город Кызылорда, поселок Тасбогет, садоводческое товарищество Игилик, дом № 28, площадью 800,0 (восемьсот) квадратных метров (кадастровый номер 10-156-087-795) для садоводства.

2. Датой принудительного отчуждения определить 11 февраля 2027 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 14.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственника земельного участка, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда **Н. Ахатов**

Хабарландыру

«Тұзкөл МұнайГаз Оперейтинг» ЖШС-і Тұзкөл кен орнында 2027 жылға жоспарланған құрылыс нысандары бойынша әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдерінің жобаларына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

1. Кен орнындағы № 7, 10, 21, 27, 33, 35, 47 - ұңғымаларды және № 1 газ жинау және есепке алу қондырғысын электрмен жабдықтау;

2. Ұңғымаларға (атап айтқанда, № 7, 10, 21, 27, 33, 35 және 47), сондай-ақ № 1 газ жинау және есепке алу қондырғысына апаратын жолдар;

3. Газ жинау жүйесі № 21, 27, 35 және 47 ұңғымалардан № 1 газ жинау және есепке алу қондырғысына дейінгі газ құбырлары;

4. Газ жинау жүйесі: № 7, 10 және 33 ұңғымалардан келетін құбыржолдар, сондай-ақ № 1 газ жинау және есепке алу қондырғысы;

5. Кен орнында дизельдік электр станциясын орнату;

6. Кен орнындағы № 1 қондырғыға дейінгі, № 1 газ жинау және есепке алу торабынан келетін газ құбыры;

7. Кен орнындағы № 70 ұңғымаға апаратын жол;

8. Кен орнындағы № 71 ұңғымаға апаратын жол;

9. Кен орнындағы № 90 ұңғымаға апаратын жол;

10. Кен орнындағы № 8 Белқұдық ұңғымасына апаратын жол;

11. Мұнай кен орнындағы № 2401, 2403, 2404 су алу ұңғымаларына, № 12, 13, 14 айдау ұңғымаларына және № 1, 2 жылжымалы күшейткіш сорғы станцияларына (ЖКСС) апаратын жолдар;

12. Тұзкөл кен орнындағы су айдау жүйесі. VRP-3-тен TZ-84 ұңғымасына дейінгі айдау желісі;

13. Кен орнында дизельдік электр станциясын орнату;

14. Тұзкөл кен орнындағы су айдау жүйесі. Сорғыларды және химиялық реагенттерді мөлшерлеп беру қондырғысын орнату;

15. Ақшабұлақ кен орнында конденсат құбырларын салу;

16. «Батыс Тузкол» кен орнынан «Ақшабұлақ» кен орнына дейінгі газ құбыры;

Қоғамдық тыңдау өтетін орны: 2026 жылы 18 желтоқсан сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі 8.

Әсер ету аймағы: координаттары - 47°69310” с.е.; 13°9047” ш.б.;

Бастамашысы«Тұзкөл МұнайГаз Оперейтинг» ЖШС-і, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі, №4 құрылыс, БИН 181140010632, тел. 8(724) 227-68-68, e-mail: rita.shamshieva@tmgoperating.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Сыр-Арал сараптама» ЖШС-і, Қызылорда қ., Желтоқсан 120, БСН 101140013315, e-mail: sa-saraptama@mail.ru, тел.: 8 (7242)230306.

Онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAIVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1

Конференция идентификаторы: 546 061 9818

Кіру коды: 123456

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта және телефон нөмірі: sa-saraptama@mail.ru, 8 (7242)230306.

Жоба құжаттамасы Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ: 120003, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайты (ndbecology.gov.kz) арқылы және prd@vmail.kz электрондық поштасына қабылданады.

Объявление

ТОО «Тузколь МунайГаз Оперейтинг» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам разделов «Охрана окружающей среды» (РООС), разработанным для объектов строительства, запланированных на 2027 год на месторождения Тузколь.

1. Электроснабжение скважин № 7,10,21,27,33,35,47 и узла сбора и учета газа №1 на месторождении Тузколь;

2. Подъездные автодороги к скважинам № 7,10,21,27,33,35,47 и узла сбора и учета газа №1 на месторождении Тузколь;

3. Система сбора газа на месторождении Тузколь. Газопроводы от скважин № 21, 27, 35 и 47 до узла сбора и учета газа №1;

4. Система сбора газа на месторождении Тузколь. Газопроводы от скважин № 7,10, 33 и узел сбора и учета газа №1;

5. Установка дизельной электростанции на месторождении Тузколь;

6. Газопровод от узла сбора учета газа №1 до узла №1 на месторождении Тузколь;

7. Подъездная автодорога к скважине №70 на месторождении Тузколь;

8. Подъездная автодорога к скважине №71 на месторождении Тузколь;

9. Подъездная автодорога к скважине №90 на месторождении Тузколь;

10. Подъездная автодорога к скважине Белкудук №8 на м/р Тузколь;

11. Подъездные автодороги к водозаборным скв. № 2401, 2403, 2404, к нагнетательным скв. № 12, 13, 14 и мобильным бкнс № 1, 2 на м/р Тузколь

12. Система водонагнетания на месторождении Тузколь. Нагнетательная линия от ВРП-3 до скважины TZ-84;

13. Установка дизельной электростанции на месторождении Тузколь;

14. Система водонагнетания на месторождении Тузколь. Установка насосов и блока дозирования химреагентов;

15. Строительство линий конденсата на месторождении Акшабулак;

16. Газопровод от месторождения Западный Тузколь до месторождения Акшабулак.

Общественные слушания состоятся: 18 декабря 2026 года в 10:00 по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, пос.Теренозек, ул.Конаева, 8.

Территория воздействия: Координаты: 47°69310” с.ш., 13°9047” в.д.;

Инициатор: ТОО «Тузколь МунайГаз Оперейтинг, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Д.Конаева, строение №4, БИН 181140010632, тел. 8(724) 227-68-68, e-mail: rita.shamshieva@tmgoperating.kz.

Разработчик проектной документации: ТОО «Сыр-Арал сараптама», г. Кызылорда, ул. Желтоксан, 120, БИН 101140013315, e-mail: sa-saraptama@mail.ru., тел.: 8 (7242)230306.

Ссылка на онлайн подключение:

https://us04web.zoom.us/j/5460619818?pwd=4UWwuXLoAIVzaVml8AmloGgZ3SsYBO.1

Идентификатор конференции: 546 061 9818

Код доступа: 123456

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: sa-saraptama@mail.ru, 8 (7242)230306.

Документация по проекту размещена на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.) и на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Кызылординской области»: 120003, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Султана Бейбарыса, №1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz тел: 8 (7242) 60-53-69.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД (ndbecology.gov.kz.) и prd@vmail.kz.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА





Өндірістегі қауіпсіздік – адам өмірі мен денсаулығын қорғаудың басты кепілі. Әсіресе мұнай өңдеу саласында технологиялық жабдықтардың сенімді жұмыс істеуі, өндірістік тәртіптің сақталуы және қауіпсіздік талаптарының орындалуы айрықша маңызға ие.

Мұнай өңдеу кәсіпорындары қауіпті өндірістік объектілер қатарына жататындықтан, олардың қызметі жоғары жауапкершілікті талап етеді. Мұндай нысандарда жабдықтардың техникалық жай-күйі, технологиялық процестердің тұрақтылығы және өндірістік бақылаудың тиімділігі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі шарттары болып табылады.

Осы тұрғыда 2026 жылғы 7 шілдеде Қызылорда қаласы, Мұстафа Шоқай көшесі, 305-мекенжайда орналасқан «Kyzylorda Refinery» ЖШС аумағында орын алған авария өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтаудың маңыздылығын тағы бір мәрте көрсетті.

Оқиға кәсіпорын аумағындағы көлемі 50 текше метр болатын СФСБ-50 сыйымдылығына қатысты орын алған. Аталған жабдық 2026 жылғы 20 наурызда дайындалған. Бұл жағдай өндірістік жабдықтарды дайындау, монтаждау, қабылдау, сынақтан өткізу және пайдалану кезеңдерінің барлығында қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуы қажеттігін аңғартады.

Сынақ кезінде ыдыстың дүмпуі орын алып, соның салдарынан қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың конструкциясы бұзылған. Оқиға орнына жақын орналасқан, әрқайсысының көлемі 60 текше метр болатын екі РГС-60 резервуары механикалық зақымданған. Резервуарлардан төгілген мұнай тұтанып, өрт шыққан.

Алдын ала мәліметтер бойынша, оқиға салдарынан жұмысшылар зардап шекпеген, жарақат алғандар мен қаза тапқандар жоқ.

Авариияның себептері және тергеп-тексеру жұмыстары

Авария фактісі бойынша «Kyzylorda Refinery» ЖШС аумағында белгіленген тәртіппен тергеп-тексеру комиссиясы құрылып, оқиғаның мән-жайлары мен туындау себептері анықталды.

Тергеп-тексеру барысында өндірістік объектінің техникалық жай-күйі, технологиялық жабдықтарды пайдалану тәртібі, өндірістік процестердің ұйымдастырылуы және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуы қарастырылды.

Тергеп-тексеру қорытындысы бойынша анықталған заңбұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде тиісті нұсқамалар берілді. Атап айтқанда, жабдықтың техникалық жарамдылығы, технологиялық регламент талаптарының орындалуы, персоналдың қауіпсіз жұмыс жүргізу тәртібі және өндірістік бақылауды ұйымдастыру мәселелеріне назар аударылды.

Мұндай кемшіліктерді жою тек орын алған жағдайдың салдарын реттеумен шектелмей, авариияның туындауына ықпал еткен себептерді болдырмауға және осындай оқиғалардың қайталануына жол бермеуге бағытталуы тиіс.

Авариялардың алдын алу – жүйелі жұмыстың нәтижесі

Өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру және авариялық жағдайлардың алдын алу мақсатында мекеме басшыларымен техникалық кеңес өткізілді.

Кеңес барысында орын алған авариияның себептері, өндірістік тәуекелдерді төмендету, технологиялық жабдықтарды қауіпсіз пайдалану және өндірістік бақылауды күшейту мәселелері талқыланды.

Мекеме басшыларына қауіпті өндірістік объектілерді пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, жабдықтардың техникалық жарамдылығын қамтамасыз ету, технологиялық регламенттердің орындалуын бақылау және анықталған кемшіліктерді уақытылы жою қажеттігі түсіндірілді.

Сонымен қатар, өндірістік персоналдың қауіпсіздік мәдениетін арттыру, жауапты мамандардың міндеттерін тиісінше орындауы және профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу мәселелеріне басымдық берілді.

Қауіпсіз өндіріс – баршаға ортақ міндет

Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау – кәсіпорын басшылығынан бастап әрбір қызметкерге дейін ортақ жауапкершілік жүктейтін міндет. Әрбір өндірістік объектіде технологиялық процестердің белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізілуі, жабдықтарға сапалы техникалық қызмет көрсетілуі және өндірістік бақылаудың тиімді ұйымдастырылуы қамтамасыз етілуі қажет.

Қызылорда облысының Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасы қауіпті өндірістік объектілерде қауіпсіздік талаптарының сақталуына бағытталған бақылау және профилактикалық жұмыстарды жалғастырады. Негізгі мақсат – авариялық тәуекелдерді төмендету, өндірістік қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және адам өмірі мен денсаулығын қорғау.

Өндірістің дамуы адам қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарау – тұрақты әрі авариясыз өндірістің негізгі кепілі.

Хабарландыру

«Бәйтерек» БК» АҚ 2026 жылғы 19 қарашадан бастап 20 жұмыс күні ішінде Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі порталында (https://ndbecology.gov.kz) ұшқышсыз ғарыш аппараттарын ұшыруға арналған жаңа буындағы орта класты ғарыштық мақсаттағы зымыран негізінде «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құру жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жария талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдауға ұсынылған материалдармен https://ndbecology.gov.kz сайтында (ақпараттық жүйеде) танысуға болады.

Бастамашы: «Бәйтерек» БК» АҚ, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әліби Жангелдин көшесі, 34, БСН: 050440003815. Тел.: +7 (7172) 280602.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «АртНефтьСтройПроект» ЖШС, Қызылорда қаласы, Тәуке хан көшесі, 3. Тел.: 8 (777) 499 1734; 8 (707) 705 2833. Электрондық пошта: ansp@bk.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz порталындағы «Жария талқылаулар» бөлімінде қабылданады.

Объявление

АО «СП «Байтерек» уведомляет о том, что с 19 ноября 2026 года в течение 20 рабочих дней на портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (https://ndbecology.gov.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» по созданию космического ракетного комплекса "Байтерек" на базе ракеты космического назначения среднего класса нового поколения для запусков беспилотных космических аппаратов.

Ознакомиться с материалами, вынесенными на общественное слушание в форме публичного обсуждения, можно на сайте https://ndbecology.gov.kz (информационной системе)

Инициатор: АО «СП «Байтерек», г. Астана, район Байконыр, ул. Алиби Жангельдин, 34, БИН: 050440003815. Тел: +7(7172)280602

Разработчик проектной документации: ТОО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул. Тауке хан, 3. Тел: 8 (777) 499 1734; 8 (707) 705 2833. Эл.адрес: ansp@bk.ru

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: https://ndbecology.gov.kz в рубрике «публичные обсуждения».



Хабарландыру

«Бәйтерек» БК» АҚ 2026 жылғы 18 желтоқсанда сағат 16:00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті, Ғани Мұратбаев көшесі, 16, Төретам кентінің клуб үйі ғимаратында 42 және 45 алаңдардағы «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенінің «жобалау-сметалық құжаттамасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі» және әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін ЖБШН, ЖБТН, ҚББ, ӨЭББ және ҚОҚІЖ жобалары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Объектінің әсер ету аумағы: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті.

Географиялық координаттары: 42-алаң: 45°56'36.51" солтүстік ендік және 63°39'19.36" шығыс бойлық; 45-алаң: 45°56'30.35" солтүстік ендік және 63°39'14.23" шығыс бойлық.

Жобалық құжаттама топтамасымен https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық сайтында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық сайтында, сондай-ақ prd@korda.gov.kz электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады.

Төтенше жағдай режимі және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме:

https://us05web.zoom.us/j/82832075590?pwd=bfOD2DvBB1kbyJkCyjw3n8CuaAWUBV.1

Конференция идентификаторы: 828 3207 5590

Кіру коды: Dq6X4z

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Қызылорда қаласы, Тәуке хан көшесі, 3, тел.: 8 (777) 499 1734; 8 (707) 705 2833, ansp@bk.ru.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «Бәйтерек» БК» АҚ, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әліби Жангелдин көшесі, 34, БСН: 050440003815, bayterek_filial@bayterek.kz.

Жобаны әзірлеуші: «АртНефтьСтройПроект» ЖШС, Қызылорда қаласы, Тәуке хан көшесі, 3, БСН: 050140000140. Тел.: 8-777-499-17-34; электрондық пошта: ansp@bk.ru.

Объявление

АО «СП «Байтерек» сообщает, что 18.12.2026 года в 16-00 часов пройдут общественные слушания в форме открытого собрания по адресу: Кызылординская область, Кармакшинский р-н, пос.Торетам, ул. Гани Муратбаева, 16, здание Дома клуба поселка Торетам по разделу «Охрана окружающей среды» к проектно-сметной документации КРК «Байтерек» на площадках 42, 45 и проектам НДВ, НДС, ПУО, ПЭК, ППМ для получения экологического разрешения на воздействие.

Территория воздействия объекта: Кызылординская область, Кармакшинский район, пос. Торетам.

Географические координаты: 42 площадка: 45°56'36.51" СШ и 63°39'19.36" ВД, 45 площадка: 45°56'30.35"СШ и 63°39'14.23"ВД.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационном сайте https://ndbecology.gov.kz/, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационном сайте https://ndbecology.gov.kz/, а также на эл. адрес prd@korda.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Активная ссылка:

https://us05web.zoom.us/j/82832075590?pwd=bfOD2DvBB1kbyJkCyjw3n8CuaAWUBV.1

Идентификатор конференции: 828 3207 5590

Код доступа: Dq6X4z

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, тел.: 8 (777) 499 1734; 8(707) 705 2833, ansp@bk.ru

Инициатор намечаемой деятельности: АО «СП «Байтерек», РК, г. Астана, район Байконыр, ул. Алиби Жангельдин, 34, БИН: 050440003815, bayterek_filial@bayterek.kz

Разработчик проекта: ТОО «АртНефтьСтройПроект», г. Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, БИН 050140000140. Тел.: 8-777-499-17-34; Эл.адрес: ansp@bk.ru.



«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ»

«Сыбайлас жемқорлық» - деген түсінік мағынасына этимологиялық тұрғысында қарау, мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға, пара сатып алу» -деген түсінік бергенде, құқыққа қарсы іс – әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас – жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады.

Қоғамдағы лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалануды, билік етуді немесе лауазымдық өкілеттілікті арттыру, қызметтік жалғандық, сеніп тапсырылған мүліктерді ұрлау және иелену, біле тұра өтірік айғақ көрсетуді, куәларды, жәбірленушілерді немесе сарапшыларды сатып алу, сот шешімдерін, үкімдерін және басқаларды лауазымдық тұлғалардың орындамауы, сыбайласқан байланыстарды қолдау жиі кездесетінін көрсетіп отыр.

Қарапайым түсінік бойынша бәрінен бұрын сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік қызметпен байланыстырады. Бар беталысқа қарамастан және басқа салада – үкімет билігі және жеке кәсіпкерлердің әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы таратуда – мемлекеттік лауазымдық тұлғалар арасында сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған заң аса егжей – тегжейлі әзірленген. Шынында да мемлекеттік қызметшілер анағұрлым ауқымды дискрециялық өкілеттілікті иелене және көбінде бақылаусыз әрекет ете отырып, өз мүдделерінде және мемлекеттік мүддесіне қарамастан лауазымдық мансаптығын қолданудың барлық мүмкіндігін иелене алады.

ҚР «Сыбайлас – жемқорлықпен күрес туралы» заңы сыбайлас – жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай – ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай – ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу».

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларын сақтау және жүзеге асыру сыбайлас – жемқорлықпен күресте өте маңызды.

Г. ТУСМАГАНБЕТОВА,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ҰНДЫ ФОРТИФИКАЦИЯЛАУ

Фортификация дегеніміз - ұнды тарту кезінде аз мөлшерде дәрумендер мен минералды (премикс деп аталатын витаминді-минералды кешен) қосу процесі. Бұл өнімнің сапасы мен қоректілік құндылығын арттыруға мүмкіндік береді. Барлығымыз білетіндей, бидай әлемдегі кең таралған астық дақылы болып табылады, адамдар оның көп үлесін тұтынады. Бидайдың табиғи құрамы В1 (тиамин), В 2 (рибофлавин), В6 (пиридоксин), Е дәрумендеріне, ниацинге, сонымен қатар, темір мен мырышқа бай. Алайда, осы қоректік заттар бидайдың сыртқы қабығында жинақталғандықтан, ұнды тарту кезінде олар өз құрамын жоғалтып алады. Бұл ретте ұнды фортификациялаудың көп көмегі тиеді. Бұлардың қайта қалпына келтірудің бірден-бір жолы – ұнды дәрумендермен және микроэлементтермен байыту. Фортификация процесі кезінде жоғары және бірінші сұрыптағы бір тонна ұнға 150 грамм темір, мырыш қоспалары, фолий қышқылы мен В- тобының дәрумендері қосылады. Қоспа элементтері тағамдық сапаны арттырады, бірақ ұнның органикалық және басқа да қасиеттеріне әсерін тигізбейді және жанама құбылыстарды туғызбайды. Фортификацияланған ұнның сақтау мерзімі алты ай. Сонымен бірге, ұн тез өткізілетін өнім болғандықтан, кәсіпорындарда ұнның нақты сақтау мерзімі жиірек 3-6 аймен шектеліп, 6 айдан аспайды.

Адамның денсаулығына қауіпі бар проблемалардың бірі- ол ас үлесіндегі темір мен фолий қышқылы сияқты дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі «Анемияға» әкеп соғады. Гемоглобин нормасы қалыпқа келу үшін байытылған ұн мен нанды бір,екі жыл тұрақты қолдану қажет.

Фортафикацияланған ұнды күнделікті тұтынуды үрдіске айналдыруға мән бергендеріңіз дұрыс.

Бисенбай Жанар ПЕРМЕБАЙҚЫЗЫ,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы





9.11-15.11.2026

ТОҚТЫ



Бұл апта сіз үшін белсенді әрі нәтижелі болмақ. Жұмыста көптен бері кейінге шегеріп жүрген шараларды аяқтауға мүмкіндік туады. Әріптестеріңізбен қарым-қатынаста сабыр сақтаңыз. Қаржы жағынан асығыс шешім қабылдамаған жөн. Демалыс күндері жақындарыңызбен бірге уақыт өткізу көңіл күйіңізді көтереді.

ТОРПАҚ



Апта жағымды жаңалықтармен басталуы мүмкін. Көптен күткен хабар алып, көңіліңіз көтерілетін сәттер болады. Жұмыс барысында еңбегіңіз бағаланып, жаңа міндеттер жүктелуі ықтимал. Қаржылық мәселеде үнемшілдік танытыңыз. Отбасындағы түсіністік пен жылы қарым-қатынас сізге күш береді.

ЕГІЗДЕР



Сізді кездесулер мен қызықты әңгімелерге толы апта күтіп тұр. Жаңа адамдармен танысып, пайдалы байланыс орнатуыңыз мүмкін. Кәсіби салада тың идеяларыңызды жүзеге асыруға қолайлы кезең. Дегенмен бір мезетте бірнеше іске кірісіп, өзіңізді шаршатпаңыз. Жеке өмірде ашық сөйлесу маңызды.

ШАЯН




Бұл аптада отбасы мен жақын адамдардың қолдауы ерекше сезіледі. Үй ішіндегі кейбір мәселелер оң шешімін табуы мүмкін. Жұмыста байыптылық пен жауапкершілік танытсаңыз, жақсы нәтижеге қол жеткізесіз. Күтпеген шығындар болуы ықтимал, сондықтан қаржыны жоспарлаған дұрыс. Өзіңізге де уақыт бөліңіз.

АРЫСТАН



Алдыңыздан жаңа мүмкіндіктер ашылатын апта. Өз қабілетіңізді көрсетуге және бастамаларыңызды ұсынуға қолайлы уақыт. Басшылық тарапынан қолдау немесе мақтау естуіңіз мүмкін. Алайда өзгелердің пікіріне де құлақ түріңіз. Демалыс күндері жағымды кездесу немесе отбасылық қуаныш күтіледі.

БИКЕШ



Апта тәртіп пен жоспарлауды талап етеді. Бұрын басталған жұмыстарды аяқтап, жаңа мақсаттарды белгілеуге мүмкіндік бар. Қаржы мәселесінде тиімді ұсыныс түсуі мүмкін, бірақ оны мұқият саралаған жөн. Жақындарыңызбен арадағы түсіністік пен сабырмен шешіңіз. Көңіл күйіңізді көтеретін істерге көбірек уақыт арнаңыз.

ТАРАЗЫ




Қаржылық және жеке мәселелерге көңіл бөлетін кезең. Бұрын шешімін таппай жүрген түйткілдер біртіндеп реттелуі мүмкін. Жұмыста жаңа ұсыныстар түсіп, табыс көзін арттыруға мүмкіндік туады. Алайда кез келген келісімді мұқият қарастырыңыз. Жеке өмірде жағымды жаңалықтар болуы ықтимал.

САРЫШАЯН



Бұл апта сіз үшін жаңару мен өзгерістер кезеңі болмақ. Өзіңізге сенімділік артып, көптен бері ойда жүрген жоспарларды жүзеге асыруға ынтаңыз оянады. Жұмыста маңызды шешім қабылдауға тура келуі мүмкін. 13–14 қараша күндері кейбір түсініспеушіліктердің шешілуіне қолайлы мүмкіндік туады. Жақындарыңыздың ақыл-кеңесіне құлақ түріңіз.

МЕРГЕН



Апта бойы ішкі ойларыңызға үңіліп, болашаққа жоспар құруға бейім боласыз. Бұрын аяқсыз қалған шараларды реттеуге қолайлы уақыт. Жұмыста асығыстық танытпай, әр қадамды ойланып жасаңыз. Күтпеген жерден жағымды хабар алуыңыз мүмкін. Демалыс күндері сапарға шығу немесе достармен кездесу көңіл күйіңізді көтереді.

ТАУЕШКІ



Сізді нәтижелі әрі үмітке толы апта күтіп тұр. Қоғамдық ортада белсенділігіңіз артып, жаңа таныстықтар орнатасыз. Жұмыста ұжымдық жобалар мен ортақ бастамалар сәтті жүзеге асуы мүмкін. Қаржы мәселесінде жақсы жаңалық күтіледі. Тек өзгелердің мәселесін шешемін деп өз міндеттеріңізді ұмыт қалдырмаңыз.

СУҚҰЙҒЫШ



Мансап пен кәсіби жетістікке қатысты маңызды апта. Өзіңізді көрсетуге, қабілетіңізді дәлелдеуге мүмкіндік туады. Бұрын жасаған еңбегіңіздің нәтижесін көре бастауыңыз мүмкін. Кейбір жоспарлар өзгеріске ұшыраса да, көңіліңізді түсірмеңіз. Жеке өмірде түсіністік пен сабырлық қажет. Апта соңында жақсы жаңалық естуіңіз ықтимал.

БАЛЫҚТАР



Жаңа білім алуға, тәжірибе жинауға және дүниетанымыңызды кеңейтуге қолайлы апта. Жұмыста тың идеяларыңыз қолдау табуы мүмкін. Көптен бері ойлап жүрген сапар немесе маңызды жоспар жүзеге асуға жақындайды. Қарым-қатынаста ашықтық танытыңыз. Демалыс күндері өзіңізге тынығуға мүмкіндік беріп, жаңа аптаға күш жинаңыз.

ӨМІРГЕ ҚАЖЕТТІ ТЕРАПИЯҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

Сирек кездесетін әрі күрделі аурулардың бірі – өкпе гипертензиясын емдеу міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында қолжетімді. МӘМС жүйесінің арқасында пациенттер қажетті медициналық көмекті және қымбат дәрі-дәрмектерді тегін ала алады. Осындай пациенттердің бірі – Сырдария аудандық ауруханасында дәрігерлердің тұрақты бақылауында жүрген 30 жастағы Манабай Өмірбеков.

Оның жүрегінде туа біткен ақау бар. Уақыт өте келе бұл дерт өкпе гипертензиясының дамуына әкелген. Пациент диспансерлік есепте тұрады және қажетті ем-домды тұрақты түрде қабылдайды. МӘМС жүйесі аясында қымбат дәрі-дәрмектерді тегін алады.

«Биыл маған коронарография жасалды. МӘМС жүйесінің арқасында қажетті дәрі-дәрмектерімді уақытылы алып, стационарда ем қабылдап жүрмін. Денсаулығым айтарлықтай жақсарды. Көрсеткен көмегі мен қамқорлығы үшін дәрігерлерге алғысымды білдіремін», – дейді Манабай.

Өкпе гипертензиясы – өкпе артерияларындағы қан қысымының тұрақты жоғарылауымен сипатталатын ауру. Бұл жүрекке қосымша салмақ түсіреді және уақытылы ем қабылданбаған жағдайда ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін.

Заманауи диагностика мен емдеу әдістері мұндай пациенттердің сауығу болжамын айтарлықтай жақсартты. Егер бұрын диагноз қойылғаннан кейінгі өмір сүру ұзақтығы көбіне 2–3 жылмен ғана шектелсе, бүгінде уақытылы әрі дұрыс таңдалған емнің арқасында пациенттер ондаған жылдар бойы өмір сүре алады.

«Өкпе гипертензиясы кезінде мамандардың тұрақты бақылауында болу, дертті уақытылы анықтау және тағайындалған емді үзбей қабылдау аса маңызды. Пациенттің жағдайына қарай өкпедегі қан тамырларын кеңейтуге, өкпе артериясындағы қысымды төмендетуге және қан айналымын жақсартуға көмектесетін дәрілік препараттар тағайындалады. Емдеуді үзу денсаулық жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан пациенттің қажетті дәрі-дәрмектерді уақытылы алып, медициналық көмекке қол жеткізуі маңызды. Бұл ретте МӘМС жүйесінің рөлі зор», – деп атап өтті Сырдария аудандық ауруханасының жалпы тәжірибелі дәрігері Мереке Шайланова.



Хабарландыру

«Автокөлік жолдары басқармасы» ЖШС 2026 жылдың 20 қарашасында және 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталда (ndbecology.gov.kz) «Қызылорда қаласы, Белкөл көшесі, «Автокөлік жолдары басқармасы» ЖШС өндірістік базасында қуаты сағатына 9 тонна минералды ұнтақ шығаратын зауыт салу» жобасына «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдау өткізетіні туралы хабарлайды.

Құжаттамамен танысуға, ұсыныстар мен ескертулерді бірыңғай экологиялық порталда қалдыруға болады (ndbecology.gov.kz).

Инициатор: «Автокөлік жолдары басқармасы» ЖШС

Заңды мекен-жайы – Қызылордаоблысы, Қызылорда қ., С.Бейбарыс көшесі, 180 ғимарат.

Әзірлеуші: «МұнайГаз Инжиниринг» КБ ЖШС, Қызылорда қаласы, мкр. Саулет, Саулет-12 көшесі, 2А үй, тел: 87242200110, БСН 090940009190,_db_mgi@mail.ru

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ: 120003, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-69.

Объявление

ТОО «Управление автомобильных дорог» уведомляет о проведении общественного слушания в форме публичного обсуждения 20.11.2026 г. и в течение 5 рабочих дней на Едином экологическом портале (ndbecology.gov.kz) по проекту «Раздел охраны окружающей среды» к проекту «Строительство завода по производству минерального порошка производительностью 9 т/час на промбазе ТОО «УАД» ст. Белкуль г. Кызылорда».

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на Едином экологическом портале (ndbecology.gov.kz).

Инициатор: ТОО «Управление автомобильных дорог»

Юридический адрес –Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. С. Бейбарыс, ст-е 180.

ТОО КБ «МунайГаз Инжиниринг», Адрес: г.Кызылорда, мкр Саулет, ул. Саулет-12, д 2А, тел.: 87242200110, БИН 090940009190, электронные почта: db_mgi@mail.ru

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Кызылординской области»: 120003, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Султана Бейбарыса, №1, e-mail: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz тел: 8 (7242) 60-53-69.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 40-05-14 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

АСА ҚАУІПТІ «ҚҰТЫРМА АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ»

Құтырма ауруы - құтырған жануарлардың адамдарға жарақат салғаннан туындайтын, орталық нерв жүйесінің зақымдануымен және өлім жағдайына әкеліп соқтыруымен сипатталатын жануарлар мен адамдардың табиғи ошақтық , аса қауіпті ауру болып табылады. Құтырманың таралу көзі- кезбе иттер, мысықтар және жабайы аңдар (қасқыр,түлкі, қарсақ, борсық, шибөрі, мәлім т.б). Бұл аталған құтырма ауруы мезгіл таңдамайды, жылдың кез- келген уақытында тіркелуі мүмкін. Құтырма ауруының табиғи ошақтары қасқырлар, түлкі, қарсақ, шибөрі,борсық, мәлім және басқа да жануарлар болған жерде қолдау табады, олардан инфекция үй жануарларына және кезбе иттерге, мысықтарға жұғады. Инфекцияның берілуі тістегеннен кейін жарақат сілекейлену, тырнау арқылы жүзеге асырылады. Құтырма ауруы жұққан жануарлар инкубациялық кезеңнің аяғында және ауру кезінде вирусты сілекей арқылы бөліп шығарады. Зақымдалған тері арқылы енгізілгеннен кейін құтырма вирусы нерв талшықтары арқылы таралады және бас, жұлын миына жетеді, онда көбейіп, жинақталады. Сілекей бездеріне жете отырып вирус сілекеймен сыртқы ортаға шығарылады. Ол нерв тіндерінде көбейген кезде ісіктер, қан құйылу, кері даму өзгерістер пайда болады. Инкубациялық кезеңінің (аурудың жасырын кезеңі) ұзақтылығы жарақат салған жерге байланысты 12 күннен 1 жылға дейін созылады. Ауру үш кезеңге бөлінеді: аурудың білінетін кезеңі, қозу кезеңі, сал кезеңі. Науқас адам тыныс алу ағзасының салдануынан және салдану белгілері білінгеннен кейін 12-20 сағат өткен соң жүрек қызметінің тоқталуынан қайтыс болады. Аурудың ұзақтығы 3-7 күн. Құтырма ауруымен ауырған иттер алғашқы ауырған күндері иесінің шақыруына лажсыз дыбыс береді, қараңғы жерге тығылуға тырысады, тамақ ішпейді, кей уақытта долданып, кетіп бара жатқан адамдарға үрмей жарақат салады, жеуге болмайтын шүберектер, ағаштарды кеміреді.

Әрбір жануарлардан жарақат алғандар, жануарлардың сілекейі денесіне тиген адамдар дер кезінде медициналық көмекке жүгіну керек.

Жануарлар жарақат салған жағдайда, тырнау,сілекейлену уақытында жараны сабынды жылы сумен көп мөлшерімен, жуып жарақат айналасын 70% спиртпен немесе 5% йодпен залалсыздандырып дәрігерге қаралу қажет. Құтырма ауруының алдын алу мақсатында қолданатын екпені уақытында ерте алса, соңұрлым нәтижелі болады. Құтырма ауруынан аман алып қалатын тек қана вакцина екенін ұмытпаңыздар, ешқашанда вакцина ектіруден бас тартпаңыздар.

О.ЖАХАНОВ,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы



Қызылорда қаласының әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының және орынбасарының азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Әжібеков Мейрамбек Темірханұлы	Бөлім басшысы	Жұма күні сағат 16:00-18:00-ге дейін	Ы.Жахаев көшесі №24	40-05-54
2.	Әзірбек Нұрбек Әзірбекұлы	Бөлім басшысының орынбасары	Бейсенбі күні сағат: 16:00-18:00-ге дейін	Ы.Жахаев көшесі №24	40-05-58

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №244

E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/